

**ОЙЫЛ АУДАНЫ, «БАЛДЫРҒАН» БӨБЕКЖАЙ-БАҚШАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ
мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау
өлшемшарттары бойынша
өзін – өзі бағалауы**

Өзін-өзі бағалау комиссияның құрамы:

Төрайымы:

Балабақша меңгерушісі – А.К.Бисебаева

Комиссия мүшелері:

1. әдіскер Ш.Р.Толыбаева
2. психолог А.М.Калиева
3. тәрбиеші Б.Т.Сисенғалиева
4. тәрбиеші Р.И.Утегенова
5. тәрбиеші Г.Е.Жолбаева

Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы



1) Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлік (білім беру ұйымдарының толық атауы, құрылған жылы, заңды мекен-жайы, электрондық адресі, телефоны, факсі)

Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу куәлігі: № 00024000150111.01.2021ж.

Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Заңды мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 030900, Ақтөбе облысы Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Амангелді көшесі № 4, телефон:8 (71332) 2-11-31
электрондық почтасы: gkp_baldyrgan@mail.ru сайт: edu.kz

2)Құрылтайшылар келісімі, білім беру ұйымының жарғысы.

Ойыл аудан әкімдігінің 2013 жылғы 21 қазандағы №244 қаулысымен бекітілген»Ойыл аудандық білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Балдырған»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның Жарғысы негізінде жұмыс жасайды.

3)Білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиясы (лицензияның нөмірі, берілген күні) және оның қосымшалары.

Мемлекеттік лицензия серия ББ№ 0001703. Лицензияның берілген күні: 12 қазан 2000 жыл Ақтөбе қаласы.Серия ББ лицензиясына қосымша №0001703 қосымшасына лицензиялық карточка бар.

Өзін -өзі бағалау барысында комиссия мүшелері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары бойынша зерделеді.

МКҚК «Балдырған»бөбекжай-бақшасында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, тәрбиеленушілердің жан – жақты дамуына, оқу–тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруына жағдайлары бар.

Балабақшада медициналық кабинет - егілу бөлмесі, қабылдау бөлмесі, 1–ші қабатта орналасқан, екі бөлмеден тұрады. Қабылдау бөлмесі аумағы – 10,2 ш.м. Қабылдау бөлмесінде: жер таразысы-1, бой өлшеуіш – 1, медициналық әйнек сөресі – 1, үстел – 1,орындық – 5, термометр – 10 құралдарымен жабдықталған.

Егілу бөлмесінде: жастықты тақтай төсек (кушетка) – 1,кварц шамдары- 1, медициналық сейф термометр – 1, қызу өлшеуіш -3, танометр - 1, тоңазытқыш - 1, медициналық шкаф -1,термоконтейнер -1, электрокептіргіш -1, әмбебап кобдишасы-1, жабдықталған.

Кабинеттің медициналық лицензиясы бар.

Медициналық құралдар СанЕжН талаптарына сай, алғашқы медициналық көмекті көрсету құралдарымен, медициналық қажетті дәрі-дәрмектермен, бір рет қолдануға келетін шприцтермен, индикаторлық термометрлермен жабдықталған.

Медициналық құжаттар СанЕжН талаптарына сай, уақытылы жүргізіледі. Санитарлық-ақпараттық жұмыс әңгімелесу, кеңес беру, нұсқау түрінде өткізіледі. Санбюллетеньдер бар (тұмау, вирусты гепатит, желшешек ауруы, қышыма, желшешек, педикулез, ОРЗ ОРВИ т.б.)Балабақшада медициналық қызметі алдын алу және сауықтыру іс-шараларын, тамақтану сапасын, санитарлық – эпидемиологиялық ережелерін сақталуын бақылау және ағымдағы дезинфекцияны ұйымдастыру және бақылауды қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді медициналық тексерістен өткізу, медициналық тексеріп қарау бойынша қызметтер жүргізіледі.

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ойыл аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны.

Балабақша асханасының аумағы –25,1 ш.м., Балабақшада асханасында 3 аспазшы жұмыстануда. Асхана 2 бөлмеден тұрады, ас қазандығы -4, қуырғыш сөре-1, электрлік плита (4камфолы) –1, тоңазытқыш- 1, су қазандығы 40л. металлды өндірістік шикі зат өнімдерін турайтын үстелдер үстелі -1, қамыр илейтін үстел - 1, қуыруға арналған таба-3,орындық -2, көк-өніс кескіш -1. Кесетін

тақтайшалар және пышақтар, шелектер, табақтар, үстелдер мен жабдықталған, СанЕЖН талаптарына сай белгіленген.Тамақ өнімдері келісім шарттар негізінде сатып алынған.

2022-2023 жылы азық түліктермен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 383 бабы бойынша, сондай - ақ Білім және ғылым министрінің 08.06.2020 жылғы №325 бұйрығымен толықтырылған 31 қазан 2018 жылғы №598 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиеленетін және білім беру ұйымдарының балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты келісім шарт ИП «Әліп Күлжамал Әлібекқызымен» жасалған.

Тағамның сапасын анықтау мақсатында бракераждық журналында бақылау жүргізіліп, дайын тағамның күндік сынамасы алынып отырылады. Тез бұзылатын тағамдарды қадағалау журналы үздіксіз жүргізіліп келеді.

Тамақ өнімдерінің сапасының қауіпсіздігін куәландыратын құжаттары толықтай бар.

Балабақшада кір жуатын бөлме кір жууға арналған жабдық, балабақшадағы барлық бұйымдарды; төсек-орын, сүлгілерді тиімді және тез жууға, кептіруге, үтіктеуге мүмкүндік береді.Кір жуатын бөлім1бөлмеден тұрады: -1, кір кептіргіш машина – 1, электрлі үтектеу үстелі -1, кір жуу бөлмесі – ш.м.7,4, Бөлмелер тиісті құралдармен жабдықталған: стелаж -, кірге арналған секция -, тігін машинасы -1, қабырға сөресі – 1,электр үтік -2, тасымалдаушы кір кептіргіш -3.

Тәрбиеленушілерді балабақшаға қабылдау Қазақстан Республикасы, Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығы,2-параграф. "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Қағидаларға 4-қосымшаның 8-тармағында сәйкес,көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны және нәтижесі енгізілген балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескерілген басқа мәліметтер Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізілімінде жүзеге асырылады .

Тәрбиеленушілер контингенті, ата –аналардың **eaktobe.kz** (мектепке дейінгі ұйымға кезекке қою және алу)сайты арқылы алған жолдама және **eaktobe.kz**сайтыарқылыөтініштертіркелеліп,қабылдау негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасы, оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығына сәйкес дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта құру, баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі қамтамсыз етілген.

Балабақша аумағында тәрбиеленушілерге салауатты өмір салтын насихаттау, спорт туралы білімдерін байыту, футбол, ойындар ережелерімен таныстыру, спорттық сайыстар өткізу мақсатында «Балдырған» стадионы құрылған және балаларға арналған әткеншектер, құм салғыш, зырғанауға арналған түрлі түсті таушықтар, отырғыштар жарықтанған демалыс орындар бар.

Балабақшада музыка залы эстетикалық және заман талабына сай жабдықталған; педагогтың қолдануына тиімді; көрнекілік, музыкалық сүймелдеуге, әңгімеге, презентацияға арналған проектормен жабдықталған және баспалдақтарда пәндік дамыту кешені жасалған; «Әдістемелік» бұрышы, «Әдеп» бұрышы, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету қабылдау бөлмесі, меңгеруші, әдіскер, психолог бөлмесі жабдықталған.

Психолог кабинеті



Заман талабына сай инновациялық технологияларды тәрбиеленушілердің қызығушылығына ие болу, ҰІӨ тартымды мәнді қонымды тиімді болуды көздеп педагогтер Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8 - бабы «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» осыған сәйкес, ақпараттық – коммуникациялық технологияның жан - жақты дамуына байланысты, оқып үйрену құралдарына жататын электронды оқулықтар қолдануда.

Балабақшаның материалдық базасын жетілдіру жоспары және талаптар бойынша жыл сайын материалдық- техникалық базасы толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, тақталар, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Топтар үстел, отырғыш, керует, сөрелермен толықтай қамтылып, ойыншықтар, сюжетті рөлді ойын бұрыштары, жиһаздарымен жабдықталған.

Балабақшада топтарда ойын бұрыштары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасы, 5 тармағы бойынша мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылып, әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асыру, балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіп, салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар

тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздерін қалыптастыру, тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсаты талаптарына сай, білім дағдылары бойынша безендірілген.

Балабақшада тәрбие мен оқытудың қолжетімділігін қамтамасыз ету, қауіпсіз және жайлы білім беру жағдайлары қарастырылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осалобъектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа 1-қосымшасына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға қарастырылған ақпарат сағаттары ұйымдастырылған, тақырыптары: «Қауіпсіз балабақша», «Әлем біздің айналамызда» т.б.

Балабақша дәліздерінде, ішкі бейнебақылау камералы, сондай – ақ балабақшаның сыртқы аумағында барлық периметрі бойынша бейнебақылау камералары орнатылған. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында күзетші қызметтерін атқарады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттары

Бағалау нәтижесі:

9.1 Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар: оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі – ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі;

Бағалау нәтижелері:

- Аталған өлшемшарттар негізінде «Балдырған» бөбекжай-бақшасында
- 2022-2023 оқу жылында 6 топ оның ішінде, 2 кіші тобы, 2 ортаңғы тобы, 2 ересек топтары жұмыс жасауда.
- 2022-2023 оқу жылына оқу жұмыс жоспарлары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы (өзгеріс: 14.10.2022 № 422 бұйрықтары) бойынша талапқа сәйкес құрылды.

9.2 Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру;

2022-2023 оқу жылына құрылған перспективті жұмыс жоспарлары аудандық білім бөлімі басшысымен келісілген, балабақша меңгерушісімен бекітілген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (*өзгеріс 14.10.2022 ж. № 422*

бұйрық)сәйкес құрылды. Мақсаттары мен міндеттері, жас топтарында игеруге міндетті іскерлік дағдылары балалардың жасына сәйкес жоспарланып, оқу жылының 9 айына арналып, нақты құрылған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығының «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» 3-тарау, 4-тарау, 5 –тарауларына сәйкес жасақталған, талапқа сай келеді.

9.3 Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымша, 2- тарау, 5- тармағына сәйкес тәрбиелеу-білім беру процесінде:әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылуын,балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етілу,салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптастыру,тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамыту Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиелеу мақсатында балабақша дәліздерінде,топтарда пәндік-дамытушы орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған





Балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жасерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдар мен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестермен хабарландырулар; күн тәртібі, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, ас мәзірі, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген.

Топтарда «Шаштараз», «Дәріхана», «Құрылысшы», «Сатушы», «Аспазшы», «Дәрігер», «Қазақы үй», «Табиғат», «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік - рөлдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, балалардың психо-эмоционалды көңіл күйін реттеу үшін «Тыныштық алаңы» құрылған.

Балалардың жас ерекшелігіне сай қоршаған орта туралы білімін кеңейту және байыту, тірі және өлі табиғат құбылыстары жайлы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, өсімдіктер мен жануарларға деген қызығушығын дамыту, оларға қамқор болуға тәрбиелеу, гүлдеп тұрған бөлме өсімдіктерінің әсемдігіне көңіл бөлуді, еңбекке баулу мақсатында түрлі бөлме өсімдіктері өсіріледі.

Әр балаға және жеке жұмысы үшін үлестірмелі таратылымды материалдар, ойындар, қимылды ойындар атрибуттары жинақталған. Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, логикалық ойын түрлері, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар.





Театрлық-эрекеттерін жәнешығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, .Топтәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға, бағдарлама талаптарына, балалардың жас ерекшеліктеріне сай жасалған.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған кітаптардан әсер алуына, тақпақтар, өлендерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету мақсатында барлық топтарда кітап бұрыштары ұйымдастырылып, оқырман залымен толықтырылған.



Бірінші қабаттағы дәліздегі стендтер: «Балдырған»бөбекжай -бақшасы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес», «Өрт қауіпсіздігі ережесі», «Біздің жетістіктеріміз», «Мен баламын, менің құқығым бар» , «Жол қозғалысының ережелері» , «Өзіне - өзі қызмет көрсету бұрышы», «Кәсіподақ ұйымы»бұрыштарымен жасақталған.


Екінші қабаттағы дәліздегі стендтер : «Әдеп», «Талантты бүлдіршіндер», «Балабақша тынысы», «Әдістемелік бұрыш», тақырыпта безендіріліп жасақталған.

Топтардағы стендтер келесі тақырыптарды қамтиды; «Бәйтерек монументі», «Шығармашылық пирамидасы», «Шығармашылық», «Біз не үйрендік», «Денсаулығы баланың, қуанышы ананың» тақтасы, «Қауіпсіздік ережесі», «Бала құқығы», «Ата-аналар, сіздерге!», «Біздің жұмыстар», «Өнерден шашу шашайық», «Біз өстік», «Көңіл күй айнасы» т.б.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы 348 бұйрығы, 1-қосымшасы, 18 тармағы негізінде тәрбиеленушілердің эмоционалдық жайлылығын, жан-жақты және толыққанды дамуын, балалардың белсенділік түрлерін және бірге әрекет етуге қатысушыларды таңдау мүмкіндігін, ойын аймақтарының қанықтылығын, қолжетімділігін, вариативтілігін және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тәрбиеленушілердің белсенді жұмысын ұйымдастыру, бірлік, білім мен өмірдің байланысы принципі, жүйелілік принципін сақтай отырып балабақшада дамытушы кешені құрылды.

Сонымен қатар екінші қабаттың музыка залында «Ғажайып әуенді құс» атты дидактикалық панносы бар, ол тәрбиеленушілердің өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтып, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, балаларға әуенді, ырғақты, нотаны үйретіп, шығармашылық тәрбие береді.

Әр балаға үлестірмелі материалдар, дидактикалық ойындар, музыкалық аспаптар, көрнекіліктер, дамытушы ойындар, театрлық декорациялар, сюжеттік – рольдік ойындар, персонаж костюмдері, электронды пианино, көрермендерге, балаларға арналған орындықтар, компьютер, музыкалық техникалық аппарат, (проектор) экрандармен жабдықталған.





«Ұлттық салт-дәстүр» тақырыбында безендірілген баспалдағы балаларға халқымыздың ерлік-жауынгерлік тарихын, ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір-өнегесімен таныстыруға, өз жерін, өз елін қорғай алатын елжанды, ұлттық намысы мол жігерлі бүлдіршіндерді тәрбиелеуге бағытталған. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген.

Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жасерекшеліктеріне сәйкес білім дағдыларымен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістер мен технологияларды қолдана отырып, балаларды ұлттық салт-дәстүрге баулып қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген. Бала, ата-ана, тәрбиеші бірлесіп үштік одақ құрып, бірлесе «Ұлттық құндылық-ұлт қазынасы» атты балабақша ішілік жобалар ұйымдастырылды.

Тәрбиешілер Р.Еришева, Р.Утегенова жоба тақырыбы: **«Оюлар сыр шертеді»**



Тәрбиешілер С.Баймұханова,Г.Абдрахманова жоба тақырыбы
«Қазақтың ұлттық ойындары»



Тәрбиешілер Ж.Шинбаева.Ж.Бақтыгереева жоба тақырыбы :
«Күмбірлеген киелі-қасиетті домбыра»



Тәрбиешілер М.Ажибаева.А.Тлепбергенова жоба тақырыбы«Әжемнің әлдіі»



Тәрбиешілер Г.Жолбаева,А.Байманова жоба тақырыбы :«Ән әлемінің бұлбұлы»



Тәрбиешілер Б.Сисенғалиева,А.Дабылова жоба тақырыбы :
«Ұлттық тағам-ырысым»



«Балдырған»бөбекжай-бақшасында тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, **физикалық қасиеттерін** дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асыруға физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырып,дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтып жұмыс жасалуда.



Балалардың өз бетіншеқимыл-қозғалыс-әрекеттеріне, баланыңдене бітімі менпсихикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін доптар,атрибуттар,табан бұлшықеттерін жетілдіруге арналған,массажды төсеніштер түрлі пішіні,ойын материалдары жинақталып ұйымдастырылған.Мәдени-гигиеналық әдеттерімен дағдыларын кеңейтіп,жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту арқылы балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, топтарда ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруға ықпал ететін ертегі кітаптары, дидактикалық ойындар қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырып, коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту жұмыстары жасалуда.Балалардың ойын технологиялары негізінде көркем әдебиеттер мен қатар атрибуттар театр бұрышы қамтамасыз етілген.Барлық топтарда кітап бұрышы толықтырылып, жабдықталып,оқырман залы ұйымдастырылған.

Дамытушы ортаның мазмұны-ұлттық нақыштағы элементтер арқылы ұлттық құндылықтарды тануға және дүние танымын кеңейту мақсатында «Театр бұрышы» (көлеңке театры,саусақ театры, үстел үсті театры, конус театры және атрибуттар), «Сәндік бұрышы», «Жүннен жасалған бұйымдар бұрышы», «Ұлттық аспаптар бұрышы», «Өлке тану» бұрышы жасқталған, «Кітапхана»(балаларға арналған ертегілер, әңгімелер, мақал-мәтелдер,өлеңдер т.б. Бұл ойындар арқылы ұлтжанды тұлғаны тәрбиелеуге, жағымды мінез құлыққа,диалог түрінде сөйлеуге, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелейді. Дамытушы орта заман талабын сай интеллектуалдық жеке тұлғаның дамуына бағытталып толықтырылған. Жаңа ресурстар:теледидар және үнтаспамен, электронды оқулықтармен, ертегі дискілері жинақтарымен жабдықталған.

Балалардың өмір-қауіпсіздігін сақтау мақсатында: қауіпсіздік ережесіне арналған әңгіме –дүкен құрылып,өлең, ертегілер оқылып, видео-түсірім, слайд жасалған.«Төтенше оқиғалар» атты бейнероликті дайындаған. Мамандық түрлеріне костюмдер жасақталған.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырып, танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды, құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту, азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиеленуде. Түрлі- түсті заттар мен түсті заттар мен құралдарды қолдану, түстерді ажырата білу, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білу, ұсақ қол моторикасын дамыту, қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейту, сезімдік тәжірибесін қалыптастыру түйсігімен қабылдауын жетілдіруге арналған көрнекіліктермен ойындар толықтырылып, жинақталған. Және құрастыру ойындары (ағаш конструктор, мозаика түрлері, леги, пазлы), үлестірілмелі материалдар (ұлттық нақышта жасалған-кесе, торсық, сәукеле, айыр қалпақ), жеміс-жидектер, көкөністер), бала санымен жолақшалар, сандар, пішіндер, фигуралар жиынтығы, математикалық пеналдар, балалардың ой-өрісін, танымдылығын арттыру мақсатында –глобус, шашка, шахмат, лото жинақталған.



Тәрбиеленушілердің **шығармашылық дағдыларын**, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді орындап, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалған. Сондай –ақ жас ерекшеліктеріне ескере отырып бейнелеу құралдарының түрлері мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналған дидактикалық ойындармен, бейнелеу өнеріне қажетті құрал-жабдықтар, мүсіндеуге қажетті құралдар, театр бұрышында үстел үсті мен қуыршақ театры, саусақ театры, ертегіге арналған атрибуттар, үнтаспалар мен жазбалар бар, тәрбиеленушілердің шығармашылық даму деңгейінің артуына жағдайлар жасалған. Музыкалық аспаптар, бейнелеу өнеріне қажетті құрал-жабдықтар арқылы баланың шығармашылық даму деңгейінің артуына жағдайлар жасалған. Мүсіндеуге қажетті құралдарды пайдалана отырып, өз беттерінше әр түрлі заттарды мүсіндеуге, суретті

бояуға арналған кітапшалармен театр бұрышында үстел үсті мен қуыршақ театры, саусақ театры, ертегіге арналған атрибуттар, ұнтаспалар мен жазбалар бар.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы тәрбиеленушілерді әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу, дербестікке тәрбиелеу, өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру, тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге қабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттері қамтылған.

Моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге, Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту, еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттері қамтылған. Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар бар.

Топтарда сондай – ақ, рәміздер, сюжеттік-рольді ойындар, табиғат бұрыштары еңбек құралдары, көлік түрлері, жергілікті жерде өсетін ағаш макеттері. Жас ерекшеліктеріне байланысты бөлме гүлдерінің түрлерімен толықтырылған.

Даладағы ойын алаңында балаларға «Балдырған» стадионы құрылған, балаларға арналған әткеншектер, құм салғыш, зырғанауға арналған түрлі түсті таушықтар, отырғыштар жарықтанған демалыс орындар бар. Сонымен қатар баланы еңбекке баулу, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында гүлдер; раушан гүлі, бархат гүлі, қоңырау гүлі, түймедағы т.б) жыл сайын өсіріледі. Топтарда заттар мен ойыншықтарды балалардың еркін қолдану мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Сюжеттік-рольдік ойындар («Банкомат», «Шаштараз», «Дүкен», «Асхана», «Дәрігер», «Тігінші», «Отбасы», «Абай бол, балақай!» сюжетті-рольдік ойын бұрыштары толық жабдықталған.

Барлық дамытушы орталары балалардың жас ерекшелігіне сай, қол жетімді, ыңғайлы жерлерде орналасқан. Үлестірмелі материалдар жеткілікті.

«Балдырған» бөбекжай-бақшасында заттық-кеңістік дамытушы орта «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 29 желтоқсандағы № 662 бұйрығы негізінде құрылған.

2022-2023 оқу жылында мектепке дейінгі білім беру ұйымдары қызметкерлерінің штаттық кестесін құруда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысы басшылыққа алынған. **Әкімшілік қызметкерлер құрамы:** меңгеруші - 1,0; есепші - 1,0; шаруашылық меңгерушісі - 1,0; хатшы - 0,5; көмекші оқыту қызметкерлер құрамы: әдіскер - 1,0; психолог - 1,0; музыка жетекшісі - 1,5; медбике - 1,0; тәрбиешілер - ; тәрбиеші көмекшілері -

2022 -2023 оқу жылында музыкант лауазымы бойынша бос орынға балабақшаның инстаграм парақшасына конкурс жарияланды. Педгогтің уақытша бос лауазымына конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардың құжаттарын талдау бойынша конкурстық комиссияның қорытынды отырысында МКҚК «Балдырған»бөбекжай-бақшасында уақытша бос музыкант лауазымына конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарын талдау болды.Комиссия мүшелері педгогтің уақытша бос лауазымына конкурсқа қатысуға ниет білдірген кандидаттардан құжаттарын талдау нәтижесінде Бижан Моншақ Абзалқызы уақытша 0,5 жүктемемен қосымша білім беру лауазы мына бір ауыздан конкурстен өтсін деген шешім қабылдады №1 Хаттама

Лауазымдық нұсқаулықтар барлық қызметкерлермен жүргізілген және екі жақты балабақша меңгерушісі мен жергілікті кәсіподақ комитетінің төрайымымен келісілген.

Педагогтер өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы да арттырады, бұл: әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара оқу іс әрекеттеріне қатысу, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, аудандық, облыстық, аймақтық, республикалық, халықаралық семинарлар-конференцияларға қатысып, өз іс-тәжірибесімен бөлісуде.Атап айтқанда 2022-2023 оқу жылындағы жетістіктер: Республикалық педагогикалық «**Бала мен балабақша** » журналының Ақпан – февраль №2 (177) 2023 жылғы тиражына төмендегі педагогтердің іс-тәжірибелері жарияланды.

«Ұлттық құндылықты дәріптеу балабақшадан басталады»меңгеруші А.Бисебаева

«Еңбек жолым және білім берудегі жаңашыл тәсілім» әдіскер Ш.Толыбаева.

«Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуындағы ойынның психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері»психолог А.М.Қалиева

«Тәрбиеші болу-бақыт»тәрбиеші Ж.Ж.Шинбаева,

«Балабақша – бақыт баспалдағы»тәрбиеші М.Ажибаева,

«Бақытты балалық шақ»тәрбиеші Ж.Бақтыгереева,

«Мектепке дейінгі ұйымдарда математикалық ойындарды қолдану»Г.Абдрахманова

«Ойын – ерте жастан оқыту мен тәрбиелеудің негізі» тәрбиеші С.Баймұканова

«Ойын ойға жетелейді» тәрбиеші Д.Қазыбаева, «Тәрбиеші болу – зор

міндет»тәрбиеші Б.Сисенғалиева,»Балабақша – бақыт баспалдағы» тәрбиеші

Г.Жолбаева. « Мен Отанның бақытты ұланымын!»тәрбиеші Р.Еришева

«Айналайын ақ мамам!»тәрбиеші А.Байманова,»Шырша туралы білімдерін

айқындау»А.Дабылова,»Қош келдің,жаңа жылым!» тәрбиеші Р.Утегенова.

Облыстық семинарда іс-тәжірибесімен бөлісіп кәсіби біліктілігін көрсеткен педагогтер :

1.А.Бисебаева меңгеруші- Алғыс хат «Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына заттық –дамытушы ортаны тиімді пайдалану »тақырыбында облыстық семинар.Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығы.5 сәуір 2023 жыл. Тәрбиешілер **Ж.Шинбаева және С.Байманова.**

2.А.Бисебаева –Алғыс хат Ақтөбе облыстық білім басқармасы,облыстық білім кәсіподағы

3.Ш.Толыбаева әдіскер – Алғыс хат Ақтөбе облыстық білім басқармасы.

4.Ж.Шинбаева тәрбиеші Құрмет грамотасы.Ақтөбе облыстық білім басқармасы.

5.Г.Абдрахмановатәрбиеші- III орын Диплом «Қызыққа толы сәттер» конкурс

6.А.Дабыловатәрбиеші–Алғыс хат «Балаларға базарлық» конкурс

7.Г.Жолбаев тәрбиеші-Алғыс хат облыстық педагогикалық олимпиада

Сертификат «Мен зерттеушімін» конкурс

Аудандық жетістіктер:

Балабақшада «Ұлттық құндылық -ұлт қазынасы» атты аудандық семинар ұйымдастырылып педагогтер өздерінің іс-тәжірибесімен бөлісіп тәрбиешілер: **А.Байманова, Б.Сисенғалиева, Ж.Бақтыгереева, Ж.Шинбаева, М.Ажибаева. С.Баймуханова, Г.Абдрахманова. Педагог-психолог: А.Калиева.** алғыс хаттармен марапатталды. 25.04.2023 жыл.

1. Құрмет Грамотасы. Аудандық білім бөлімі. Дабылова Айнаш.
2. Диплом. «Ұлы жеңіске тарту» Аудандық білім бөлімі. Марат Аянат.
3. Алғыс хат. «Ұлттық құндылықтар-ұлт қазынасы» Аудандық білім бөлімі. Дабылова Айнаш.
4. Диплом. «Балаларға базарлық» Аудандық білім бөлімі. Дабылова Айнаш.
5. Алғыс хат. «Балаларға базарлық» Аудандық білім бөлімі. Шинбаева Жанар.
6. Алғыс хат. «Ана, әже және мен» Аудандық білім бөлімі. Сатыбалдина Інжу.
7. Алғыс хат. «Ұлттық құндылықтар-ұлт қазынасы» Аудандық білім бөлімі. Шинабаева Жанар.
8. Алғыс хат. «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңарту» Аудандық білім бөлімі. Жолбаева Гулназ.
9. Диплом. «Мен зерттеушімін» Аудандық білім бөлімі. Жолдасұлы Еренсұлтан.
10. Диплом. «Ана, әже және мен» Аудандық білім бөлімі. Марат Аянат.
11. Алғыс хат. «Ұлттық құндылық-ұлт қазынасы» Аудандық білім бөлімі. Жолбаева Гүлназ.
12. Алғыс хат. Аудандық маслихат. Жолбаева Гулназ.
13. Диплом. «Қызыққа толы сәттер» Аудандық білім бөлімі. Абдрахманова Гүлжахан.
14. Алғыс хат. «Ұлттық құндылық-ұлт қазынасы» Аудандық білім бөлімі. Абдрахманова Гүлжахан.

1.А.Бисебаева меңгеруші-Алғыс хат «Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» ММ 2022ж
2.А.Бисебаева меңгеруші-Әдістемелік құрал «Мектеп жасына дейінгі балалардың қарапайым математикалық түсініктерін оқытудағы жалпы дидактикалық принциптер»-«Өрлеу»біліктілікті арттыру ұлттық орталығы.
Барлық оқу жылдарға біліктілік арттыру жоспары жасалған, мекеме басшысымен бекітілген және педагогтер жоспарлы түрде өтеді.

2022-2023 оқу жылы – 17 педагогтың базалық білімі бар.

Педагогтардың ішінде берілетін пәндерге сәйкес базалық білімі бар осы жылғы тәрбиешілер мен педагогтар саны: 17 оның ішінде меңгеруші-1, әдіскер-1, тәрбиешілер-12, педагог мамандар-3.

№	Аты-жөні	Туғанжылы	Қызметі	Білімі	Бітіргеноқуорны, мамандығы
1	Бисебаева Асел Каржауовна	01.08.1980	Меңгеруші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті.«Мектепкедейінгітәрбиеле ужәнеоқыту»
2	Толыбаева Шара Рахымовна	10.02.1970	Әдіскер	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті. «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
3	Қалиева Айсауле Максотовна	06.06.1979	Психолог	жоғары	«Қайнар»университеті «педагогика және психология»
4	Утегенова Рада Изгабдиевна	17.03.1964	Тәрбиеші	арнаулы орта	Қызылорда қыздар педагогикалық училищесі «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
5	Сисенғалиева Баянгул Тынышовна	24.02.1970	тәрбиеші	арнаулы орта	Ақтөбе педагогикалық училищесі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»
6	Дабылова Айнаш Турмухановна	19.01.1980	тәрбиеші	арнаулы орта	«Болашақ» көпсалалыколледжі «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
7	Бақтыгереева Жадыра Аккалиевна	01.01.1979	тәрбиеші	арнаулы орта	Ақтөбе колледжі «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту»
8	Қазыбаева Динара Даденовна	03.05.1990	тәрбиеші	арнаулы орта	Көпсалалыболашақколледжі «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
9	Жолбаева Гулназ Еламановна	06.01.1984	тәрбиеші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті. «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
10	Байманова Ардақ Гафуровна	29.05.1972	тәрбиеші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті. «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
11	Ажибаева Мансия Амантурлиевна	06.06.1975	тәрбиеші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті. «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
12	Абдрахманова Гулжахан Даулбаевна	18.06.1984	тәрбиеші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті. «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
13	Шинбаева Жанар Жубанышовна	19.04.1978	тәрбиеші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті.1919-1921жж «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
14	Баймуханова Салтанат Бактығалиевна	13.02.1971	тәрбиеші	жоғары	С.БәйішеватындағыАқтөбе университеті. «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
15	Еришева Роза Амангельдиевна	15.04.19	тәрбиеші	жоғары	С.Бәйішеватындағыақтөбеуниверситеті «Мектепкедейінгітәрбиелеужәнеоқыту»
16	Қазыбаев Ғабит Қайырғалиұлы	04.12.1968	музыкант	арнаулы орта	Ақтөбе мәдениет училищесі «Мәдени демалыс қызметі»
17	Иманғали Айша Сағатқызы	08.01.1998	музыкант	арнаулы орта	А.Жұбанов атындағы Ақтөбе.муз.колл. «Мәдени демалыс ұйымдастырушы»

Қазіргі уақытта «Балдырған»бөбекжай-бақшасында барлығы 17 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және аудандық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты. **2022-2023** оқу жылында барлығы 17 педагог жұмыс жасайды.

Қазіргі таңда «Балдырған»бөбекжай-бақшасында:

Меңгеруші - 1

Әдіскер – 1

Музыка жетекшісі – 2

Психолог-1 Тәрбиеші - 12

Жоғары білімді – педагог -10

Арнаулы орта білімді – педагог -7

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылы	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары	Жоғары пед.білімі	Мектепке дейінгі арнаулы орта	Арнаулы орта	Педагогикалық білімі жоқ
2022-2023	17	9	10	5	2	0

Жоғарғы санатты: - 3

Бірінші санатты: - 2

Екінші санатты: - 5

Педагог-зерттеуші-1

Педагог-сарапшы: - 2

Педагог-модератор: - 0

Санаты жоқ – 5

Біліктілігі санаты бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылы	Педагогтар саны	Зерттеуші	Сарапшы	Модератор	Жоғары	Бірінші	Екінші	Санатсыз
2022-2023	17	1	2	0	3	2	5	4

Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру туралы мәліметтер

Оқу жылы	Педагогтар саны	АҚ»БАҰО»Өрлеу»	NIS -педагогикалық шеберлік орталығы	РБЖК
2022-2023	17	2	5	0

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылы	Педагогтар саны	1 жылға дейін	1-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2022-2023	17	0	0	3	6	8

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылы	Педагогтар саны	20-30 жас	30-40 жас	40-50 жас	50-60 жас	60 жастан жоғары
2022-2023	17	1	4	6	6	0

Зерделеу барысында балабақшада 2022-2023 оқу жылдарында оқу–әдістемелік жұмыстардың ұйымдастыру: жылдық жоспар, оқу жұмыс жоспары, оқу бағдарламалары, балабақшаның даму бағдарламасы негізінде жүзеге асырылған Жылдық жұмыс жоспарларының жасау принциптері сақталған, негізгі 7 бөлімнен тұрады. Жылдық жоспарда білім беру және тәрбие беру тапсырмаларының байланысын білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуының, отбасымен, мектеппен, қоғаммен бірлескен жұмыстарының мақсаты мен міндеттер бірлігін қамтыған.

Жылдық жоспарда оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылауды жоспарлары бар. Педагогикалық кеңес тақырыптарының мазмұны ақпараттық-коммуникативтік технологияларды интеграциялау арқылы жаңаша формаларда оқу-тәрбие процесін жетілдіру, отбасымен байланыстағы интерактивтік жұмыс түрлерін ұйымдастыру мақсатында ашылған. Жылдық жоспарда оқу-тәрбие үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу үздіксіз әр оқу жылдары бойы қамтылған.

Мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспары педагогикалық кеңесте бекітілген, белгіленген іс-шаралар білім бағдарламасының, оқу-тәрбие жұмыстарын шешуге бағытталған. Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілен, хаттамалары жазылып нөмірленген, түптелген, мөр басылған. Жоспар әдістемелік бөлмеде қызметкерлерге қолайлы жерде сақталған.

9.4 Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын тәрбиеленушілердің нәтижелерінің болуы;

Білім беру процесінің тиімділігі, сондай-ақ баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша бір жылдың мониторинг бойынша даму карталары, сонымен қатар есебі ұсынылды.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің, яғни балабақшаның барлық топтарының тәрбиеленушілерінің тізімі және жеке даму карталарының көшірмелері, сонымен қатар есебі ұсынылды. Мониторинг бойынша балалардың жеке даму картасы ұсынылып, түзету іс-шараларын орындау үшін балалармен жеке

жұмыстар жүргізілген. Осылайша, балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асырылып жұмыстары жасалуда.

Балалардың біліктері мен дағдыларының даму деңгейін қадағалау мониторингі Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру дапедагог жұмысының сапасын жетілдіруге мектепке дейінгі жастағы баланың даму мониторингі оның әртүрлі кезеңдегі дамудинамикасын тіркеуге, жеке дамуын асауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және онымен әрі қарай жұмысты түзетугеықпалетіп:

- Баланың жетістігін шынайы қадағалауға;
- Мектеп жасына дейінгі баланы тәрбиелеу мен дамыту дажеке тәсілді қамтамасыз етуге;
- Педагогтердың түзету шараларын шұғыл жоспарлау негізінде мектепке;
- Баланың әрбір білім беру салалары және Үлгілік бағдарлама мазмұнын тұтас меңгеру деңгейін анықталып отырады.

Бақылау парағындаалынған мәліметтер негізінде баланың жеке даму картасы толтырылып,уақытында жүргізілген.Баланың жеке даму картасының «Түзетуіс-шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалар мен жұмыс жасайтын педагогтер тарапынан толтырылған. Жеке даму картасының«Қорытынды»бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін тәрбиешілер баламен жеке түзету жұмысын жүргізіп, ол үшін педагогикалық процестің міндеттері мен мазмұнын айқындап отырады.

9.5 Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы)болуы және нәтижелерін талдау;

2022-2023 оқу жылы бастапқы

№	Топтың атауы	Бала саны	Ідеңгей	ІІдеңгей	ІІІдеңгей
1	«Еркетай» кіші тобы	25	19	6	0
2	«Айгөлек» кіші тобы	25	16	9	0
3	«Күншуақ» ортаңғы тобы	31	17	10	4
4	«Балапан» ортаңғы тобы	31	21	8	2
5	«Ботақан» ересек тобы	28	0	18	10
6	«Аққайың» ересек тобы	28	1	16	11
		168	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі 44%	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 39%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 16%

9.6 үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (қорытынды) болуы және талдау;

2022-2023 оқу жылы қорытынды

№	Топтың атауы	Баласаны	Ідеңгей	ІІдеңгей	ІІІдеңгей
1	«Еркетай» кіші тобы	25	0	8	17
2	«Айгөлек» кіші тобы	25	0	10	15
3	«Күншуақ» ортаңғы тобы	31	0	12	19
4	«Балапан» ортаңғы тобы	31	0	15	16
5	«Ботақан» ересек тобы	28	0	8	20
6	«Аққайың» ересек тобы	28	0	10	18
		168		Орташа деңгейдегі балалардың үлесі 37%	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі 62,5%

Балалардың жасына сай меңгерген білік дағдыларының қорытындысын талдау барысында педагогтердің қорытынды жиынтық есептері әдістемелік ұсынымдарда (*«Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру мен жүргізудің әдістемелік ұсынымдары» Нұр-Сұлтан-2020 ж., 4, 5 – қосымша*) көрсетілгендей толықтырылған

11.1 Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар:

балалардың жасын ескере отырып, жас топтарын қалыптастыру кезінде талаптарды сақтау;

2022-2023 оқу жылында

Оқу жылдар	Бала саны	2жас	3жас	4жас
		Кіші топ	Ортаңғы топ	Ересек топ
2022-2023	168	50	62	56

Балабақшада балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы №254 бұйрығы мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Балабақшаға 2-5 жасқа дейінгі аралығындағы балалар қабылданады. **eaktobe.kz** сайты жолдама береді **eaktobe.kz** сайты арқылы өтініштер тіркелініп, қабылданады. Балабақшаның интернет-ресурстарында (инстаграм, вебпортал) ата-аналарға жолдама алу тәртібі көрсетілген нұсқаулықтар орналастырылған.

Балабақшада ата-аналарға арналған «Өзіне – өзі қызмет көрсету» бұрышы ұйымдастырылған, бұнда ата-аналар **eaktobe.kz** сайтынан жолдама алу алгоритмі мен нұсқаулық бойынша кеңестер алады, жауаптымаман бекітілген.

Балалар қозғалысы журналы, келсім-шарт тіркеу журналы талапқа сәйкес жүргізілген. Топтардың жинақталуы балалардың психологиялық-физиологиялық

жас ерекшелігіне сай. Балабақша және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі.

Балабақшада құжаттар-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізілген. Істер номенклатурасы екі жақты «Балдырған» бөбекжай бақшасы және Ойыл аудандық мемлекеттік мұрағатымен келісімді 20.01.20 жылы бекітілген және №01 хаттамасы жазылған. Істер номенклатурасы бойынша қажетті папкалар реттік номер бойынша толық ашылып, жинақталған. Істер номенклатурасының құрылымы: 01-басшылық, 01.1-кадрмен жұмыс бөлімі, 0.2-әдістемелік жұмыс, 03- бухгалтерлік есепке алу, 04- медициналық жұмыс, 05- әкімшілік-шаруашылық жұмыс

Ұсыныстар:

1. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында, санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
 2. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
 3. Балабақша және топтарда заттық-кеңістік дамытушы ортаны мазмұнына сай толықтыруды жалғастырылсын.
 4. Тәрбиеленушінің физикалық, интеллектуалдық және жеке дамуы үшін кітапхана қоры балаларға, педагогтарға арналған оқу- әдістемелік кешендермен, әдебиеттермен, оқулықтармен толықтырылуы жалғастырылсын.
 5. Оқу-тәрбие үрдісін инновациялық бағытта жетілдіру мақсатында видеотека, фонотека, медиатека, медиаэлектрондық құралдармен ойыншықтарымен толықтыру одан әрі жалғастырылсын.
- Өзін-өзі бағалау комиссиясы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, тәрбие жұмыстарын, тәрбиеленушілер білімдерінің деңгейін тексеру, материалдық-әлеуметтік базасының жағдайы және кадрлардың кәсібилігін жан-жақты талдап, «Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны өзін өзі бағалауды ұсынады.

Қорытынды:

«Балдырған» бөбекжай-бақшасының басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия «Балдырған» бөбекжай-бақшасында өткен өзін-өзі зерделеуді негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасы мемлекеттік мекемесі мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі:

А.К. Бисебаева

Комиссия мүшелері:

МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасының әдіскері:

Ш.Р. Толыбаева

МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасының психологы:

А.М. Қалиева

МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі:

Б.Т. Сисенғалиева

МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі:

Р.И. Утегенова

МКҚК «Балдырған» бөбекжай-бақшасының тәрбиешісі:

Г.Е. Жолбаева

